



Дуальная система обучения является одной из самых эффективных форм подготовки профессиональных кадров, которая предполагает прямое участие предприятий в профессиональном образовании обучающихся. В этом отношении Архив Президента РК выступает главным партнером КазНУ им. аль-Фараби в деле подготовки специалистов архивного дела и документоведения.

ПАРТНЕРСТВО В ДЕЙСТВИИ



студенты и магистранты КазНУ.

Сегодня выпускники КазНУ составляют значительную часть сотрудников Архива и как работодатель Архив заинтересован в качественной вузовской подготовке

молодых специалистов. Итогом встречи стало подписание меморандума о сотрудничестве в области дуального образования.

ПРЕСС-СЛУЖБА

ҚазҰУ мен DFG неміс ғылыми-зерттеу қоғамдастығы ынтымақтастық орнату туралы келісімге келді. Мұндай алдын - ала келісім ҚазҰУ басшылығының неміс ғылыми-зерттеу қоғамдастығының делегация құрамын бастап келген өкілдіктің басшысы Вильма Ретхагпен кездесу барысында айтылды. Делегация құрамында DFG «Халықаралық ынтымақтастық» бөлімінің референті Мехтильд Келер, РФ, ТМД-ғы өкілдіктердің жобалық үйлестірушісі Мария Канадцевалар болды. Кездесу аясында тараптар бірлесе жасайтын жұмыстардың өзекті мәселелері мен міндеттерін және келешегін талқыға салды.

DFG ҚазҰУ-да



жылы құрылып, зерттеудің барлық ғылым салаларын байқау негізінде қаржыландырады. Бүгінгі таңда DFG-ның Ресей, Америка Құрама Штаттары, Жапония, Үндістан, Қытай Халық Республикасында жеті жеке өкілдігі бар. Германия елінің жетпіс университеті, ірі ғылыми мекемелер, ғылым академиясы және ғылыми одақ қоғамдастықтың мүшелері болып табылады. DFG қоры байқау негізінде ғылыми жобаларды, теориялық және қолданбалы зерттеулерді қаржыландырады.

ғалымдардың DFG-ға ұсынған жобалары өте аз болды. Бүгінде бұл ұйым ҚазҰУ-мен тығыз ынтымақтастыққа қызығушылық таныта отырып, ҚазҰУ ғалымдарының жоғары сапалы ғылыми жобаларын қарастыруға дайын екендіктерін жеткізді. Басқосу соңында қонақтар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары мен қызметкерлерінің сұрақтарына жауап беріп, жаңа химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институтында болып қайтты.

Кездесуде аталып өткендей соңғы алты жылда қазақстандық

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Стипендии POSCO

Студенты КазНУ получили стипендии международного Фонда POSCO на сумму 4,5 млн. тенге. Церемония вручения прошла в торжественной обстановке с участием вице-президента фонда Нан Ян Санга.



сотрудничает с ведущими вузами Южной Кореи. Реализуются программы академической мобильности для студентов и преподавателей, идет активный обмен опытом работы, южнокорейские профессора читают лекции и проводят мастер-классы в КазНУ. Совместно с Сеульским национальным университетом успешно реализуется проект по созданию медико-биологического кластера в КазНУ, который включает строительство больницы и медицинского научно-исследовательского

центра для студентов и жителей города.

Вручение стипендий студентам и магистрантам факультетов востоковедения, международных отношений, Высшей школы экономики и бизнеса журналистики и юридического факультета прошло в теплой и дружеской обстановке. В завершение встречи студенты выразили представителям фонда большую признательность и благодарность.

ПРЕСС-СЛУЖБА

KAZNU.KZ

«Management» mamandygynyń 2-kýrs qazaq tobynyń stýdentteri kýrator-edvazeri Gúlmıra Nurlanqyzymen AEA ITP «Alataý» tehnoparkine ekskýrsiaǵa baryp qatty.

Bul stýdentter úshin tamasha múmkindik boldy. Ekskýrsia barysynda tehnopark aýmaǵynda ornalasqan «Tecata» jaryq-tehnikalyq buyymdar, Led ekrandar men mediafasadatar óndiretin zaýytpen tanysty. 2016 jyly ashylǵan zaýyt ónimderi búkil el aýmaǵyna taralyda. Bolashaqta búkil Qazaqstan ekologialyq taza, jaryqdiodyt shamdarmen jaryqtandyrylady dep senemiz, olar kádimgi qyzdyry shamdarymen salystyrganda elektr energiasynyń 90% - na dein únemdeidi. Zaýyt shamdar, ofistik jaryqtandyry, óndiristik jaryqtandyry, kósheni jaryqtandyry quraldary men Led ekrandardy óndiredi. Sonymen qatar «ELTEX ALATAU» kompaniasynyń ónimderin kórip qatty. «ELTEX ALATAU» elektronika jáne zamanayı jelilik jabdyqtardy óndirýshi kompania. «ELTEX ALATAU» bazasynda qazirgi zamanǵy importty almastyratyn telekommunikasialyq jabdyqtar óndirisi quryldy: GPON jelilerin quryǵa arnalǵan jabdyq; Ethernet-qatynay kommýtatorlary, agregasialar jáne DÓO; VoIP jabdyqtar; IPTV-prefiks (Android prefiks jáne mediaortalyqtar); Juqa klientter; Wi-Fi kirý nukteleri.

Innovasialyq ónim óndirýshi kompanialar men zaýyttardyń qalal jumys isteindigin kózben kórip qatty stýdentter úshin sapaly tájirbelik ekskýrsia boldy.

Baiqayǵa 2018 jyldyń 1 sáyiri men qazan aınyń 1 juldyzy aralyǵynda jarialanǵan materialdar qabyldanǵan. Úzдіk shyǵarmalar saıysyna 56 jýrnalist pen qalamger qatysyp, ortalyqqa 100-den asa jumys kelip túskен.

Almaty qalasy Din isteri jónindegi basqarmasynyń bashshysy Aıdar Esenbekovtyń aıtýynsha, ekstremizm men jat aǵymdarǵa qarsy kúreste alǵy shepte tabylatyn qalam ıelerine qolday kórsetý, sonдай-aq, memleketтік saiasatqa serpilis beretin aǵartýshylyq baǵytyndaǵy jumystardy kúsheıtý jáne ekstremizmniń aldın alyda aqparattyq kampania qurý basty maqsattary bolyp tabylady.

Úzдіk jýrnalisterge marapatty ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, jýrnalistika fakýltetiniń dekany Saǵatbek Medeybekuly, ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, jýrnalistika fakýlteti, baspagerlik-redaktorlyq jáne dizainerlik óner kafedrasynyń meńgerýshisi Aıgúl Amirǵalıqyzy, «Qazaq times» aqparattyq qoǵamdyq-saıasi portalyńyń bas redaktory, ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, jýrnalistika fakýltetiniń aǵa oqytýshysy Qoıshybek Múbarak, ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, jýrnalistika fakýltetiniń dosentteri Qońyr Muqataıqyzy men Nurjan Qýantauly tabystady.

Aıta keteik, atalmysh shara osymen ekinshi ret ótyde. Ulttyq jýrnalistik zertteý ortalyǵynyń jetekshisi, ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, jýrnalistika fakýltetiniń aǵa oqytýshysy Dármén Smayıldyń aıtýynsha, BAQ ókilderiniń arasynda ótetin bul baiqay, bolashaqta da jalǵasyn tappaq.

Ýchenye Kazahskogo nacionalnogo ýniversiteta im. al-Farabi pod rýkovodstvom O.A. Abdımanýly issledovali problemy sohraneniya nacionalnoi identichnosti v kontekste sınıskıytlýrnogo mnogoobraznogo sredstvı massovoi informatsii Kazahstana v globalnom mire.

Po itogam proekta osýshestvlena sistematzasiza kontenta onlain-SMI Kazahstana i stran Sentralnoi Azi.

Sdelana popytka po vyıavlenıy nacionalnyh osobennosti sosalnoi missıi politicheskoı jýrnalistiki.

Polýchena obshaya kartna nacionalnoi jýrnalistiki po analizy informasıi v sosalnyh setiah.

Isslodovan kachestvennyı sostav informasıionnyh materialov v zavisimosti ot ih soderjaniya, tematiki, iazyka, emosionalnosti, objektivnosti, seleı i t.d.

Opýblikovano 67 stateı, iz nih – 12 v zarybejnyh izdaniyah.

Sosalno-ekonomicheskıı effekt issledovaniya, po mnennıy razrabotchikov, zaklıychaetsıa v vyrabotke prakticheskıh rekomendasıi po sozdaniy nacionalnoi modeli podgotovki konkurentosposobnyh jýrnalistskıh kadrov.

РЕКТОРАТ

Білім беру жүйесін модернизациялау

Еліміздің жетекші жоғары оқу орны ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, парасатты жас мамандарды даярлауды мақсат етеді. Халықаралық жетекші сарапшылардың пікірінше, ҚазҰУ қызметтің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштерді барынша арттырып отыр. Университет толығымен халық-аралық стандарттарға жауап беретін білім бағдар-ламасына көшкен. Осы орайда университеттің білім беру бағдарламаларын модернизациялау туралы ректорат отырысында сөз болды.



«Ақпараттық жүйелер», «Автоматтандыру және басқару», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» білім беру бағдарламалары бойынша және студенттердің академиялық ұтқырлығы мен шетелдік тәжірибе алмасуда белсенділігі, тағылымдама және өндірістік тәжірибе жайында мол мағлұмат берді.

Университеттің халықаралық ғылыми коллаборациясының жағдайы және оны кеңейтудің жолдары туралы ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілеккабыл Сөбитұлының хабарламасы тыңдалды. Ол InCites (ClarivateAnalytics) электронды ресурсына қол жетімділікті қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулермен айналысатын SciVal электронды ресурсын белсенді пайдалану, жетекші зерттеу орталықтарымен (COMSATS және басқа да жетілдіру орталықтарымен) әріптестік қарым-қатынастарды дамыту, Британ Кеңесінің ұйымдастыруымен ғылыми зерттеулерді дамытуға арналған семинарлар сериясы болып табылатын ResearcherConnect халықаралық

ғылыми жобаларына белсенді қатысу, ағылшын тілінде танымал шетелдік баспаарда ғылыми монография шығару, халықаралық ғылыми конференция материалдарын жариялау және өзге де бағыттар бойынша көрсеткіштерге кенінен тоқталып, мақсатқа жету үшін жыл соңына дейін жоспардың негізгі бағыттары бойынша қарқынды жұмыс жүргізу қажеттігін еске салды.

Сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамы бас қосқан жиында спорт саласының үздіктері марапатталып, күн тәртібінде биология ғылымдарының кандидаты, биотехнология кафедрасы профессордың м.а. Шара Атамбаеваны профессор және заң ғылымдарының кандидаты, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы доцентінің м.а. Назгүл Тұяқбаеваны қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атақтарын беру ұсынылып, бұл шешімді ректорат кеңесі бірауыздан қолдады.

Ақмарал ӘЛИЕВА

Основные задачи

Ежегодное Послание народу Казахстана изложено Главой государства в русле трёх базовых направлений казахстанской модернизации и форме постановки десяти основных задач, которые затрагивают все сферы жизни современного казахстанского общества и каждого гражданина страны.



Как подчеркнул Президент, эти сложные задачи требуют внедрения инновационной политики. Так, например, предстоит адаптировать систему образования, коммуникации и сферу стандартизации под потребности новой индустриализации.

Основой модернизации общества является интеллектуальный капитал, который большей частью сосредоточен в университетах. КазНУ являющийся флагманом среди вузов страны активно включился в реализацию, поставленных Главой государства задач в сфере образования и науки.

А. БУХАЕВ,

к. филос. н., доцент кафедры философии

Қазақ ғылымның алар асуы алда

Елбасының биылғы Қазақстан халқына жолдауында «Халқымыздың бақуатты өмір сүруі және еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – Тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік мұраты» – екендігін баса айтты.



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы жолдаудың айлық табысының өсуіне байланысты басым бағытының алтыншы бағытында инновациялық және сервистік секторларды дамытуға ерекше көңіл бөлу жөн екендігін, оның ішінде, ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет екендігін айтты. Қазірше Қазақстандағы ЖОО-ның ішінде жалғыз биомедициналық кафедра ретінде, біздің ұжымның қызметкерлеріне Елбасының биомедицина саласын дамыту туралы айтуы ерекше шабыт беріп, қуанышты көңіл-күй сыйлады.

Жалпы Елбасының биомедицина саласын дамыту қолға алуды айтуын, өз басым үлкен көрегендік дер едім. Себебі, ғылыми зерттеулердің ішінде ең қызықтысы әрі ең күрделісі бұл – тірі ағзаларды зерттеу болса, соның ішінде адам және оның денсаулығы ерекше назар аударарлық сала. Сол себепті де, жыл сайын берілетін Нобель сыйлығы соңғы жылдары негізінен биомедицинаның жаналықтарына беріліп келеді. Мәселен, 2015 ж. физиология және медицина саласы бойынша Нобель сыйлығы У. Кэмпбелл мен С. Омураның «Безгекке қарсы емдеу шараларында жаналық ашқаны үшін» берілсе, 2016 ж. осы саладағы атаулы сыйлық жапониялық ғалым – Ёсинори Осумиға «Аутофагия механизмін ашқаны» немесе «ісіктердің және басқа да түрлі аурулардың пайда болуы мен адам денесінің қартаюында аутофагияның қаншалықты маңызды» екендігін ашқандығы үшін берілді. Өткен 2017 жылғы Физиология және медицина саласындағы Нобель сыйлығын «биологиялық ырақты бақылайтын молекулалық механизмдерді ашқаны үшін» Жеффри С. Холл бастаған американдық ғалымдар алды. Бұл сала бойынша біздің кафедрамызда ұзақ уақыттан бері зерттеулер жүргізіліп келеді және «хронобиология және хрономедицина» орталығы жұмыс жасауда. Ал биылғы физиология және медицина саласындағы Нобель сыйлығы тағы да биомедицина саласын зерттеуші американдық ғалым Жеймс Эллисон

және жапондық ғалым Тауку Хонджоға "Теріс иммундық жүйені әлсірету арқылы қатерлі ісікті емдеу әдісін ашқаны үшін" берілді. Яғни, Елбасы атап өткен биомедицина саласы қазіргі әлемдегі биология және медицина салаларының дамытуға тиісті басты бағыты. Адам бойындағы физиологиялық құбылыстардың, сыртқы (биологиялық, экологиялық, химиялық, физикалық, әлеуметтік психологиялық) факторлардың адам денсаулығына әсері және олардың теріс әсерінен болатын ауруларға және адамның табиғи қартаюу процесіне адамзаттың физиологиялық, иммундық реттелу, бейімделуі әлде болса зерттеуді талап етеді. Енді, Елбасы жолдауда жариялаған халық табысының өсуіне биомедицинаның қандай байланысы бар десеңіздер, ең бастысы, биомедицина саласының дамуы алдымен халық денсаулығының жақсаруына алып келеді. Әрине, дені сау адам өнімді жұмыс жасай алады. Екіншіден, біз биомедицина саласын терең зерттеу арқылы ісік ауруларына, қартаюға т.б. ауруларға қарсы табиғи (фитопрепараттар, т.б.) дәрі-дәрмектер немесе биологиялық белсенді қоспаларды өндіріске қоссақ, бұл ел экономикасына қосымша табыс әкеледі. Үшіншіден, биомедицина саласында қолданатын робототехникалар, биоинформатикалық программалар, медициналық алдын-алу құрал-жабдықтардың жұмыс жасау әдістерін менгеріп не оларды өзіміз зерттеп, өнертабыс ретінде ұсынсақ – бұл Қазақстан ғылымына тың серпін береді және көптеген жұмыс орындарының ашылуына себепші болады. Сөз соңында Елбасымыздың сөзіне сүйеніп отырып айтсақ «Қазақстан ғылымының бағындыратын биіктері әлі алда» – дегім келеді.

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,

Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор

Ұстаз мәртебесі – ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ



Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты ел халқына арнаған жаңа жолдауы Ата заңымызда бекітілген қағидаға сәйкес, Қазақ елінің әлеуметтік мемлекет ретінде нығаюына бағытталғаны анық байқалады. Соңғы онжылдық әлемдік ауқымда жүріп жатқан экономикалық дағдарысты еңсеруге бағытталған іс-шаралармен ерекшеленсе де, Елбасымыз әлеуметтік және рухани жаңғыруға үнемі басымдық беріп келеді. Дағдарыстан кейінгі даму, әлеуметтік жаңғыру, жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру, Мәңгілік ел идеясы, рухани жаңғыру, бес әлеуметтік бастама сияқты Ұлт көшбасшысы ұсынысымен жүзеге асырылып жатқан көптеген іс-шаралар мемлекетіміздің дамуына игі ықпал етуде.

өсіруді тапсырды. Келешекте еліміздегі ең төменгі жалақы деңгейі ең төменгі күнкөріс шегіне байланысты болмайды. Соның нәтижесінде барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның және бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 % өсетін болды. Мемлекет басшысы осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард тенге бөлу керектігін көрсетті. Сонымен қатар, 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет деп қадап айтты. Мұның барлығы мультипликативтік әсер беретінін ескерсек, еңбеккерлердің жалақысы өсуі мен сатып алу қабілетінің артуы өз кезегінде сауда мен қызмет көрсету саласындағы орта және шағын бизнестің дамуына жанаңа серпін берері сөзсіз.

Тағы бір атап өтерлік мәселе - Президентіміздің жаңа жолдауын жариялауы «Ұстаздар күні» мерекесімен тұспа-тұс келді. Жолдауда мектепке дейінгі білім беруден бастап жоғары білім беруге дейінгі аралықтағы өзекті мәселелер қамтылған, білім-ғылыммен қатар, тәлім-тәрбиеге де ерекше мән берілген. Әсіресе, Елбасымыз келер жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп тапсырма беруі ұстаздар қауымын бір серпілтенді анық. Келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін тер төгіп жүрген ұстаздардың мәртебесін көтере білуіміз керек. Жергілікті билік органдарындағы шолақбелсенді шенеуніктер мұғалімдерді өздерінің қолбаласына айналдырғанын, ұстаздарымыз өздерінің тікелей міндеттеріне жатпайтын қосалқы қоғамдық жұмыстарға жегілетінін президентіміз өткір сынға алды. Білім беру саласын әкімдіктердің заңсыз ықпалы мен сансыз тексерулерінен тазарту мәселесі қоғамда көптен бері айтылып келе жатқан, толғағы жеткен өткір мәселелердің бірі болатын. Мәңгілік ел боламыз десек, бесімізді түзеп, жас ұрпаққа өнегелі тәлім-тәрбие беретін ұлағатты ұстаздарымызды ұлықтай білгеніміз жөн.


С. МҰСАТАЕВ,

Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры, саяси ғылымдарының докторы



INTERDISCIPLINARY HIGER EDUCATION-CLASS PROJECT

The staff members of the department of General Linguistics and European Languages Lyazzat Shaikenova, Albina Dossanova and Axaule Kaibuldayeva and colleagues from Information Systems department Diana Rakhimova and Aliya Turganbayeva of Al-Farabi Kazakh National University participated in the training course within the ERASMUS + CLASS Kazakhstan project on the development of the Interdisciplinary Master Program on Computational Linguistics at Central Asian Universities.



Coruña.

The course employed a blended learning methodology using the Moodle platform. The subjects covered in the training were Blended

Learning, Linguistics, Natural Language Processing and Quality Assessment, provided by 9 experts in each of the topics from the University of A Coruña. During the training, project members from

other European partner universities (University of Santiago de Compostela and University of Porto) visited A Coruña to meet with the training participants and advance other aspects of the project, like the elaboration of curricula and syllabuses for the Master's programs (Carlos Gó mez Rodríguez).

Implementation of the computational linguistics master program will stimulate research in computational linguistics that will help understand the nature of linguistic representations and linguistic knowledge, and what is more important how linguistic knowledge is acquired and deployed in the production and comprehension of language.

Academics staff of partner universities are determined to implement their research ideas in educational process and transfer their knowledge and experience to students involving them into interdisciplinary studies.

Gulmyra MADYEVA,
Aksaule KAYBULDAEVA

Contribution of the Republic of Kazakhstan to the Global Peacekeeping Process

On the 25th of September 2018 the 73rd session of the UN General Assembly started its annual work.



The General Assembly is the only organ of the UNO in which all the member-states are represented. Each of them possesses an equal status irrespective of its size, power or importance. Each state has one vote. Each member of the United Nations 193 member-states may send to each session a delegation consisting of not more than 5 delegates and 5 alternate delegates, as well as the necessary number of advisors and experts.

This year the Kazakhstani delegation has been led by Minister of Foreign Affairs Kairat Abdrakhmanov. The Kazakhstani delegation participated in the work of multifarious meetings and general debates.

The most significant act on the part of Kazakhstan was the presentation of the Code of Conduct "To the World Free of Terrorism". This document was drawn up at the initiative of President of the RK N.A. Nazarbayev. The main purpose of the Code is to form the coalition of states on the counterterrorism and to create the world free of terrorism by the centenary of the UN in 2045.

The Kazakhstani delegation also participated in the top level "Peace Summit of Nelson Mandela". The participants were immensely inspired by the non-violent methods of crisis management suggested by Nelson Mandela in order to avoid the dramatic escalation of conflicts based on the ethnic, religious and territorial grounds, as well as to combat such social ills (пороки) as terrorism, extremism, organized crime and people trafficking.

Kazakhstan has also supported the adoption of

the Political Declaration of the summit, which may serve as a reminder to the world community of such values of paramount significance as human dignity, justice and maintenance of peace and security through a dialogue and reconciliation.

Kazakhstan has also supported a new strategy under the title "Youth-2030", the main goal of which is to extend the rights and opportunities of 1.8 bln young people who are confronted with a great variety of problems which have emerged due to globalization, migration of people, limitation of civil rights, climate change and labour market changes.

Secretary – General of the UN underlined that this new strategy would be enhanced by the initiative "Generation Unlimited".

In conclusion, I would like to quote the words of Kofi Annan, former Secretary-General of the UN (1997–2006) during his official visit to Kazakhstan in 2002:

"You have achieved tangible results in the transition to the market economy. You have attracted foreign investments into your economy. You have succeeded in preserving stability within your country. You have acted as the leader in preventing regional conflicts. You have taken a courageous stance in regard of the nuclear disarmament".

M.K. MAKISHEVA,
Associate Professor of KazNU
Diplomatic Translation Department

Without hard work nobody is great. Hard work lies on the basis of all great achievements of individuals, a community, even a nation reach. People who have reached a lot in life claim that they have attained success thanks to ceaseless hard work and efforts. There are no "magic pills" or a secret formula or something like that which would bring success overnight. There is only one way to the top: HARD WORK. Hard work is challenging, difficult, requires lots of energy and effort. But it is the only key to success.

The Key to Success and Happiness

Where does happiness come from? Many people would like to know the answer to this question. The response given by President Xi Jinping, General Secretary of the Communist Party of China Central Committee, on page of "China Daily", May 2, 2018, may sound encouraging to them. The answer is "happiness is achieved through hard work", which is the title of the article. The newspaper gives an account of Xi Jinping's New Year address to the people of China delivered on December 31, 2017. Xi's definition of happiness has become a buzzword among the Chinese people ever since. In all his speeches and addresses to his compatriots he constantly highlights the importance of hard work. Here are some interesting points from the article: "Working hard is the noblest, greatest and the most honorable and beautiful virtue. The Chinese people have been aware since ancient times that we cannot sit idle and enjoy the fruits of other's work. ... Happiness does not fall out of the blue, and the dream will not come true by itself. Xi attributed China's great achievements in the past decades to the Chinese people's ingenuity and expertise, hard work and enormous sacrifices. Xi called for diligence and hard work by people across the country to achieve national rejuvenation. The new era belongs to those who work hard".

Xi Jinping's special attitude towards hard work and his deep respect for the people of labour was formed early in his life. The son of a revolutionary leader Xi Jinping at age 15, at that time in high school, was sent down to work in a remote farming village Liangjiahe in Shaanxi province where he stayed for seven years. Xi lived in yaodong, a cave house, and worked on an equal basis with farmers. In an interview with China Central Television Xi said that he had done all kinds of farm work there, including herding sheep.

"At that time I could carry 200jin (100

kilograms) of wheat on my shoulder, and I could do it for 10 li 5 kilometers) on a mountainous road without switching it between shoulders", he told CCTV.

The farmers of village Liangjiahe recall Xi Jinping with admiration, saying that no matter how tired he was, he would never rest if the farm work was not done. In a letter written to the villagers at Liangjiahe Xi said that he has never forgotten the memorable seven years, he spent at Liangjiahe, never forgotten the land where he used to live and work, never forgotten the folks that he got along with day and night.

Xi Jinping attributes China's great achievements in the past decades to the Chinese people's ingenuity and expertise, hard work and enormous sacrifices. The economic growth and prosperity of the country lies in the hands of millions of people of China. It is thanks to their hard work that economic growth has become possible.

During the last three years the economy of China has been steadily growing. Now China is the largest developing country in the world and is working hard to realize the two centenary goals and the Chinese Dream of national rejuvenation, which is to build a strong, prosperous, democratic, culturally-advanced and harmonious modern socialist country. Over the past 3 decades, China's growth miracle can be viewed as the most impressive, lasting, and complex in terms of institutional changes and constraint conditions in the human history of economic growth, which generally praised by both prestigious international organizations and economists.

A. MULDAGALIYEVA,
I. ORAZBEKOVA

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

Журналистика факультетінде The Associated Press ақпараттық агенттігінің тілшісі, белгілі жазушы Жессе Холандпен кездесу өтті. Белгілі журналиспен кездесуді журналистика факультеті ұйымдастырды.

Associated Press журналистерімен жүздесу



Кездесу барысында халықаралық этика тақырыбы басты назарға алынып, студенттер өз сауалдарына нақты әрі ұтымды жауап алды. Жессе Холанд өз сөзінде: «Бүгінде журналистикадағы демократиялық бағыт пен гуманистік позиция баршаға ортақ. АҚШ немесе Еуропа, Азия мен Парсы шығанағы елдері үшін де солай. Журналист әрқашан өз пікірі мен дерегіне қайшы келетін жағдайлардан аулақ болуы қажет. Әлбетте, АҚШ-та құқықбұзушылық орын алып, тілшілер қиындыққа ұшырап жатады. Яғни бұл журналистикада әр сөздің тексеруден өту керектігін, әрі этикалық нормаларға баса назар беру қажеттігін білдіреді. Журналистиканың қай саласы болмасын маңызды және қауіпке толы. Соған қарамастан, Америкада журналистика факультетін таңдаушылар саны жылдан-жылға артып келеді. Демек, біздер үшін ең басты ереже – қасақана жазу мен жеке басты дәріптеуден аулақ болу» – дейді.

Мәселен, БАҚ пен аудитория арасындағы байланыста журналистің информация көздерін пайдалануы, объективті хабар таратуы, тіпті болмаса респондентпен диалог барысында өз-өзін көрсете білуі. Мұндай жағдайда журналистік зерттеуді де назарға алғанымыз жөн. Америка тәжірибесінде зерттеуді бастау үшін жақсы дерек қорының сақталуы маңызды.

Журналистік зерттеу көп ретте әлеуметтік тұрақсыздық пен түрлі революциялар кезеңінде дамиды. Репортер құнды деректерді реттегенде, мақалада автордың көзқарасы, жеке бағасы пайда болады. Ал бұл оқырманның қабылдауына зор ықпал етеді. Сол себепті сынау теориясын меңгере отырып, этикаға баса мән беру керек. Осындай жағдайда ғана туынды авторы өз пікірінің объективтілігін дәлелдей алады. Келелі кездесуден түйгеніміздей, отандық БАҚ заманауи озық техника мен технологияның өркендеуінен шет қалмауы шарт. Сондай-ақ шетелдік үлгінің жақсысын меңгеру арқылы журналистиканың мән-маңызын арттыра аламыз. Кездесу соңында Жессе Холандқа журналистика факультетінің атынан тарту-таралғы табысталаып, жас тілшілер мен студенттерге журналистің «The Black Panther: Who Is The Black Panther?», «Star Wars: The Force Awakens – Story» сынды авторлық еңбектері өз қолтаңбасымен сыйға берілді.

Арай ЖҰМАТАЙ

АҚШ журналистерінің тәжірибесіне

Жетістікке бастайтын жол



Білім пен мәдениет саласында белсенді ынтымақтастық орнаған екі ел Қазақстан мен Қытайдың арасын ертеден келе жатқан достық, әріптестік қатынастар байланыстырады. «Нұрлы жол» мен «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының бірлесуімен екі ел арасындағы экономикалық әлеует артып келеді. Қос бағдарламаның өзара әрекеттесуі тек екі елге ғана емес, бүкіл аймаққа оң әсерін тигізіп жатыр. Бүгінде жоғары деңгейдегі қарқынды диалог жалғасын табуда. Әсіресе, білім саласында атқарылған шара аз емес. Әріптестігімізді нығайтуға арналған кездесулер мәдениет және білім беру саласында ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталды.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы және «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытай Халық Республикасының жоғары оқу орындары арасында студенттермен және оқытушы-профессор құрамымен алмасу, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру, жетекші профессорларды шақыру секілді түрлі бағыттары бар ынтымақтастық одан ары кеңейіп отыр.

«Бір белдеу - бір жол» жобасы ХХІ ғасырдағы ең ірі жобалардың біріне айналып отыр. Бұл бастама алғаш рет Қазақстан жерінде жарияланды. Нақтырақ айтсақ, 2013 жылы Қытай көшбасшысы Си Цзиньпин «Жібек жолының экономикалық белдеуін» жүзеге асыру идеясын Астанада, «Назарбаев Университетінде» әлем назарына ұсынды. Шын мәнінде, Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» жобасын іске асыруда Қытайдың Еуразия кеңістігіндегі сенімді әріптесі болып табылады. Қазақстан қазіргі таңда «Жібек жолы» бастамасын жүзеге асыру барысында маңызды рөлге ие. – «Бір белдеу, бір жол» – жана парадигма, жаңа деңгейдегі ынтымақтастық жүйесі. Бұл белдеу жер шары тұрғындарының 45%-ын құрайтын 60-тан астам елді қамтып отыр. Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық үлгі аларлықтай болды. Басқа елдер бізден үйрене алады, – деп Президент Н.Ә.Назарбаев.

Білім берудің сапасын көтеруде, мәдениетаралық байланысты дамытуда және Қытайдың жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамыту барысында әл-Фараби атындағы Қазқ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің қызметі зор. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің міндеті шетел азаматтарына тек тіл үйретіп қана қоймай, халқымыздың ата-бабадан келе жатқан ізгі қасиеттерін бойына сіңіріп, ата-бабадан қалған өшпес мұраны дәріптеп, мол қазынамен таныстыру болып табылады.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Адам мен адамды, ел мен елді тенеіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің әр түрлірінен келген жүздері басқа болғанымен жүректері білім мен өнерге құштар, тілдері басқа болғанымен тілектері тоғысқан шетелден келген жастар осы кафедрада бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып жатыр.

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазқ ұлттық университетіндегі білім алып жатқан шетелдік студенттердің 80% Қытай Халық Республикасынан келген. Жыл сайын жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында ҚХР-дан келген 100 тыңдаушы ҚР жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін тілдік дайындықтан өтеді.

«Бір белдеу, бір жол» жобасын және «Нұрлы жол» бағдарламасын қолдай отырып, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деңгейінде Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының қолдауымен Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының қытайлық студенттерінің қатысуымен түрлі тақырыптарда бірнеше кездесулер өтті. Басқа Алматы қаласының ЖОО-нан шақырылған қонақтар және ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары мен студенттері, сонымен қатар осы факультетті бітіріп кеткен бұрынғы бітірушілер қонаққа шақырылды.

Факультетте өткен кездесулер барысында Қазақстандағы қытай студенттерінің әлеуметтік бейімделу мәселелері, сыртқы академиялық мобильділік бағдарламасын дамыту және ұлтаралық және дінаралық диалогты тереңдету туралы талқыланды. Сонымен қатар тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру, ғылыми, мәдени байланыстар орнату туралы ұсыныстар жасалынды.

Сонымен қатар, «Бір белдеу, бір жол» жобасы және «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Поэзия – сезім айнасы» атты қазақ, орыс және қытай тілдерінде өлең оқу сайысы өтті.

Сайыста Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттер қазақ, орыс және қытай тілдерінде атакты қазақ, орыс, қытай ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сайыс екі бөлім бойынша өтті. Сайысқа қатысушылар бірінші бөлімде өлеңді мәнерлеп оқып, екінші бөлімде сұрақтарға жауап берді. Сайыс нәтижесінде үш орын жүлдегерлері анықталып, құнды сыйлықтармен марапатталды.

Кездесулер және сайыс аясында бірнеше концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламаларға Қытай елінен білім алу үшін Қазақстанға келген студенттер қатысты. Бұл концерттік іс-шараларда қытайлық студенттер ән орындап, би билеп, қазақтың және орыстың атакты ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқи отырып, қазақ және орыс тілдерін меңгерген деңгейлерін, өз білімдерін, өнерлерін көрсете білді.

Дәстүр бойынша іс-шаралар соңында кафедраның мұражайында сақталу үшін әрі тарих үшін жалпы фотосуреттерге түсті. Әрбір шара соңында келген қонақтар факультеттің көп жылдық тарихынан сыр шертетін мұражайды аралап, қонақтарға арналған қолтаңба журналына өз беліздері мен алғыстарын жазып қалдырды.

«Бір белдеу, бір жол» жобасын және «Нұрлы жол» бағдарламасын қолдау аясында өткен салмақты кездесулер мен «Поэзия – сезім айнасы» атты қазақ, орыс және қытай тілдерінде өлең оқу сайысы рухани-мәдени тұрғыда қытайлық студенттердің белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті.

Бұл атқарылған жұмыстар қытайлық студенттердің рухани-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, әрі студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы әрі маңызды іс-шаралар болды.

А. САДЕНОВА,

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының докторы

КазНУ им. аль-Фараби является безусловным лидером среди вузов Казахстана. Об этом свидетельствуют высокие рейтинги университета на мировой арене, сильный преподавательский состав, и количество абитуриентов, ежегодно поступающих в университет.

КазНУ первым из вузов страны в рейтинге QS «World University Rankings» вошел в топ-220. На постсоветском пространстве всего два вуза в этой группе – КазНУ и МГУ им. Ломоносова.

КазНУ плодотворно сотрудничает с более 400 вузами мира и является членом Международной, Европейской и Евразийской Ассоциаций университетов, Всемирного консорциума университетов, что дает возможность студентам посещать различные научно-образовательные мероприятия с участием ведущих ученых и именитых профессоров, в том числе проводимых совместно с ООН.

КазНУ является важным партнером и вдохновителем большого количества международных инициатив по устойчивому развитию. Высокое доверие ООН способствовало продлению полномочий вуза в качестве Глобального хаба программы ООН «Академическое влияние» до 2020

КазНУ - лидер



года. Это большое достижение не только для университета, но и для Казахстана в целом.

Еще одним наглядным примером лидирующих позиций университета является тот факт, что в этом году 10 тыс. лучших выпускников школ выбрали именно КазНУ, значительная часть из них – обладатели знака

«Алтын белгі», победители международных и республиканских олимпиад. Это рекордный показатель за всю историю казахстанского высшего образования.

Ляззат КУСАИНОВА,
студентка 2 курса
факультета журналистики

Қайырымдылық турнирі

Жылдағы дәстүр бойынша Алматы қаласында қайырымдылық турнирлері өз жалғасын тапты.



Жуырда Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіндегі «Технократ» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен «Аялы алақан III» қалалық қайырымдылық турнирі болып өтті. Екі күнге созылған турнирде 70-ке жуық фракция өз бақтарын сынады. Бұл турнир «Алтын Сапа» Интеллектуалды пікірсайыс клубы үшін жақсы нәтижемен аяқталды.

«Алтын Сапа» ИПК-ның бетке ұстар аға буындары Нұрәулет Өмірзақ пен Жазира Жәндербек финалда өте жоғары дәрежеде ойын көрсетіп, бірінші орынды қанжығаларына байлады.

«Алтын Сапа» Интеллектуалды пікірсайыс клубы өзінің «Чемпиондар клубы» деген атқа лайық екендігін тағы бір дәлелдеді.

Ұлжалғас АХАН,
«Қазақ филологиясы» мамандығының
2-курс студенті

Жетім көрсен жебей жүр...

Жетім...Бұл жалғыз сөздің өзі жүрекке қалай ауыр тиеді... «Жетім көрсен жебей жүр» – деп, бұрынғы ата-бабаларымыз жетім-жесірін аялап ұстап, жылатпаған. Адам баласының бәрінің баратын жері – біреу. Бірақ біреуге – ерте, біреуге – кеш. Жастай үзілген жандардың артында еңіреп ұрпақтары қалып жатыр. Тұл жетім қылған тағдырға дауа бар ма?! Ал қазір, өкінішке орай, жетімнен қарағанда тастанды бала көп...



Қазіргі кезде Үкіметіміз балалар үйіне барынша жағдай жасаған. Бұған біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіміздің география және табиғатты пайдалану факультеті «метеорология» мамандығының студенттерімен бірге «Ақ үміт» балалар үйіне барғанда көзіміз жетті. ҚазҰУ-де сауапты іске баулитын бағдарламаларының бірі «Айналанды нұрландыр» бағдарламасы аясында біз осы «Ақ үміт» балалар үйіне барып, ерекше әсер алып қайттық.

Балалар үйіне кірген бетте алдымыздан жүзі жылы, көздерінен нұр шашылған тәрбиешілер қарсы алды. Олар бізді балалар отырған бөлмеге апарды. Мөп-мөлдір пәк көздерімен жымия қараған балалар алдымыздан жүгіріп шығып, жанымызға келді. Іштей жүрегіміз тулап, көңіліміз босап тұрса да сыртқа білдірмей, біз де оларға күле қарадық. Барлығын әңгімеге тартып, бір-бірімізбен таныса жөнелдік. Бәріміз бірге олардың жақсы көретін әндерін шырқап,

ойындарын ойнап, көңіл көтердік. Әрбіреуінің қуанышқа толы көздері біздің жүрегімізге жылу сыйлады. Олардың сол жүздерін көріп, барынша көп уақыт қасында болғымыз келді. Өкінішке орай, тәрбиешілердің бізге берген уақыты бітіп, балалармен қоштасуымызға тура келді. Олардың «кетпеніздерші» деген бірауыз сөздері көңілімізді жабырқатты. Бір сағаттың ішінде бір-бірімізге бауыр басып, кимай қоштастық. Бірақ қанша қамқор болсаң да, өз отбасына, ата-ананың айтқан «айналайын» сөзінің жылылығына ештеңе жетпейтінін ешкім тағы да жасыра алмады. Біз де оны байқамай кетпедік... Қазақ ұлттық университетімізді ешқашан ұмытпай, сағына тағы күтетіндерін айтып қала берді...

А. СҮЛЕЙМЕНОВА,
Метеорология және гидрология
кафедрасының аға оқытушысы

СӘТТІ ҚАДАМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі жиырма жылдан астам тарихы бар «Алтын Сапа» Интеллектуалды пікірсайыс клубы осы жылды сәтті қадамдармен бастады. Жуырда ғана өткізілген іріктеуге жалпы саны 250-ден астам студент қатысты. Соның ішінде талапқа сай болған 80 студент құрамға таңдалып, қабылдау кешіне қатысты.



Осы жылдың маусымашар турнирі Халықаралық бизнес университетінің ұйымдастыруымен болған «Жүрек жылуы» атты республикалық қайырымдылық турнирінде «Алтын Сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубы құр алақан қайтпады. «Алтын Сапа» Интеллектуалды пікірсайыс клубының атынан қатысқан 5 фракция да іріктеуден өтіп, плей офф кезеңінде ойнады. «Зиялылар» деген атпен шыққан Алтын Сапалық Кенбай Убекалиев мен Нұрәулет Құлақмет финалда ойнап, екінші орынды иеленді.

Араға бір жұма салып «Алтын Сапа» Интеллектуалды пікірсайыс клубы дәстүрлі «IV әл-Фараби шәкірттері» қалалық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды. Алматы қаласы бойынша жалпы саны 40 фракция қатысқан бұл турнир жоғары дәрежеде болды. Турнир нәтижесінде АПФ форматы бойынша бірінші

орынды Тұран университетінің студенті Дастан Аққожа мен Халықаралық бизнес университетінің студенті Андашев Асылхан еншіледі. Екінші орынды Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың студенттері Мұхаммед Диас пен Сеймолдаев Арман алды. Ал үшінші орынды Нархоз университетінің студенттері Рзабаев Даулет пен Дүйсенов Қуанышбек қанжығалады. ЛД форматы бойынша, «Турнирдің ең үздік спикері» болып, Инкаров Ерғали жеңімпаз атанды. Жеңімпаздарға мадақтамалар мен бағалы сыйлықтар табысталды. «Алтын Сапаның» осы оқу жылындағы алғашқы турнирі жоғарғы дәрежеде өтті.

Ұлжалғас АХАН,
«Қазақ филологиясы» мамандығының
2-курс студенті

На чемпионате Азии в Маниле (Филиппины) студентки КазНУ Даяна Джакупова и Карина Доспай завоевали золотые медали в командном зачете по фехтованию

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы және қолданбалы психология кафедрасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Айналанды нұрландыр» атты мерекелік шара өтті.

Айналанды нұрландыр!



ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановтың бастамасымен құрылған «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында көптеген игі шаралар атқарылып келеді. Аталмыш жобаның мақсаты кез-келген адам өз іс-әрекеті арқылы өзінің мейірімділігін, әділдігін, адами қасиеттерін көрсете білу. Осы аталған құндылықтар арқылы адам баласы өзгелерге де көмек қолын созуға, барды бағалай білуге әрі салауатты өмір салтын ұстануға талпынады.

«Айналанды нұрландыр» салтанатты шарасының басты қонақтары Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА магистранттары болды. Өнер академиясынан келген бір топ магистранттардың концерттік бағдарламасымен өрбіген кеште ән мен жырдан шашу шашылып, көпшілік қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. Өз кезегінде

ҚазҰУ студенттері де күмбірлете күй төгіп, суырып салма ақындық қасиеттерімен маржан сөздермен осынау бір керемет кешті әсемдей түсті.

Салтанатты кештің сәнін кіргізген танымал әнші, Өнер академиясының магистранты Нұрлан Албан қазақ халқының жүрегіне қонған әсем әндерін шырқап, қос оқу орны бірге ұйымдастырған «Айналанды нұрландыр» шарасы жайлы өз пікірін білдірді. «Бүгінгі кеш шынында да өте әсерлі өтуде. ҚазҰУ білім мен ғылымның қарашанырағы болса, Өнер академиясы аты айтып тұрғандай жастарды қазақтың бағалы саф өнеріне баулып, ертенгі ұлттық құндылықтарымызды өнер арқылы жеткізетін жастарды тәрбиелейтін оқу орны.

ҚазҰУ дегенде көз алдымызға талай қазақтың тарихта есімдері алтын әріптермен жазылып қалған талантты тұлғалар түседі. Осындай бабаларымыздың бабы мен бағын жаққан киелі оқу ордасында оқып жатқан сіздер өте бақыттысыздар. Осы орайда ерекше айтқым келетіні осындай еліміздің жетекші оқу орындарының бірлесіп жасап жатқан кездесулері мен басқа да жобалары арқылы жастарымызға ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетін жеткізуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының берері мол екенін айтқым келеді. Бүгін біз сіздерге келіп өз өнерімізбен бөлісіп жатсақ, келесі жол сіздер Өнер академиясына келіп қонақ болыңыздар», – деді Нұрлан Албан.

Адам баласы үшін рухани кемелдену, ішкі жан-дүниесімен баланста өмір сүру үшін өнердің алар орны ерекше. Ал осындай жетекші оқу орындары студенттерінің кездесулері жаңғыру мен жаңашылдыққа бастайтын игі бастау болатыны анық.

Аталмыш шараға Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның студенттері саясаттану, исламтану, дінтану және философия мамандарының магистранттары қатысты.

С. БЕРДІБАЕВА,
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында «Алтын күз» тақырыбымен мерекелі іс-шара өтті. Оған Қытай Халық республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Монғолиядан, Ираннан келген қандас, қаракөз бауырларымыз қатысты.

«Алтын күз» мерекесі



Зал тақырыпқа, мерекеге сай түрлі гүлдермен, алтындай сары шарлармен безендірілген. Қатысушы тыңдаушылар іс-шараға өз қолдарымен табиғи материалдарды пайдаланып, түрлі бұйымдар, макеттер, қабырға газеттерін, гүл салатын құмыралар, лашық үйлер, құс ұясын жасап көркем де әсем шеберлігімен көпшілікті тамсандырды. Тыңдаушылардың көңілері мен ән-би өнерін, тапқырлығы мен шешендік өнерін бағалауға кафедрамның қазақ тілі пәнінің аға оқытушысы Рахила Тұрсынқызы, тарих пәнінің оқытушысы Бауыржан Есімханұлы, университетіміздегі Бейінді мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Ұлпан Сәбенқызы төрелік етті.

Аталмыш кешіміз топ қыздарымыздың орындауында әні Нұрғиса Тілендиев, сөзі Тұманбай Молдағалиев ағаларымыздың «Құстар қайтып барады» әнін шырқаумен

басталды. Әуезді әннің соңында сахна төріне кетіп бара жатқан «Жаз» ханшайымы мен келіп жеткен «Күз» ханшайымын ду қол шапалақпен шақырылды. Олар айтысқа түсіп, соңында «Жаз» ханшайымын «Келесі кездескенше!», - деп шығарып салысты.

Тыңдаушылар көңілді кешті жалғастырып, әннен, биден өнерлерін аямады. Жұмбақ шешу сайысынан да сүрінбей өтіп жатты. Айта кету керек, өз өнерлерімен 2-ші топтан Өркен, 7-ші топтан Күнсулу, 10-шы топтан Тілек есімді тыңдаушылар оза шықты. Әділ қазылар

да ұпайларын айта отырып, мерекенің сәнін келтірді.

Тыңдаушыларды өз ана тілінде еркін сөйлеуге, сөз байлықтарын жетілдіруге баулып, «Шешендік өнер» сайысында бақтары сыналды, 10 топ ішінен ерекше тапқырлығымен Күнсулу, Еркежан, Қайнар сынды қатысушыларымыз көзге түсіп, разы болды. Әділ қазылар тыңдаушылардың өз қолдарымен табиғи материалдардан жасаған түрлі бұйымдар, макеттер, қабырға газеттері, гүл салатын құмыралар, лашық үйлер, құс ұясы көзден таса қалдырмай бағаларын беріп ұпайлармен бағалады.

Көңілді Алтын күз кеші де мәресіне жетіп, нәтижесінде 8-ші, 7-ші, 5-ші топтар жүлделі орындарға қол жеткізді. Тыңдаушылар мен оқытушылар көтеріңкі көңіл күймен, осындай кештерде Келесі кездескенше – деп тарап жатты...

Айнагүл УСЕНБЕКОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

МЕКЕНЖАЙЫ:

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №1471

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.